



**ҰЛТТЫК МЕКТЕП ЛИГАСЫ**

## I. Мақсат пен міндеттері

1.1 Облыстық балалар-жасөспірімдер спортын дамыту және насихаттау.

- салауатты өмір салтын насихаттау;
- балаларды зиянды әдеттерден спорт арқылы көңілін аудару;
- рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды ойыншыларды табу;
- өңірлік мектептердегі спорт түрлерін дамытудың деңгейін арттыру.

## II. Ұйымдастыру

- 2.1. Облыстық мектеп лигасын (бұдан әрі-МЛ) дайындау мен өткізу жалпы басқару ұйымдастыру комитетіне жүктеледі.
- 2.2. Лига өткізуді тікелей басқару Ұйымдастыру комитеті бекіткен төрешілер алқасының құрамына жүктеледі.
- 2.3. МЛ-ның бірінші, екінші және үшінші кезеңдерін өткізу жауапкершілігі қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, облыстық білім беру басқармасының, дене шынықтыру және спорт басқармасының, өңірлік гандбол федерацияларының және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдерінен тұратын ауылдық, аудандық, қалалық, облыстық ұйымдастыру комитеттеріне жүктеледі.

## III. Өткізу уақыты мен орны

3.1. МЛ төрт кезеңде өткізіледі:

- 3.1.1. **бірінші кезең іріктеу** – мектепшілік (сыныптар арасында, қыркүйек, қазан 202\_ жыл);
- 3.1.2. **екінші кезең аудандық (қалалық)** – қалалық/аудандық ұйымдастыру комитеті (білім беру ұйымдары арасында, қыркүйек-желтоқсан 202\_ жыл);
- 3.1.3. **үшінші кезең облыстық**– облыстық ұйымдастыру комитеті (екінші кезең жеңімпаздары арасында, 202\_ жылдың қыркүйек айынан, 202\_ жылдың қайыңтар айына дейін);
- 3.1.4. **төртінші кезең республикалық** – республикалық ұйымдастыру комитеті (ақтық кезең-үшінші кезең жеңімпаздары, сәуір - маусым 202\_ жыл).  
Ақтық кезеңі әр жас тобында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

## IV. Қатысушылары және өткізілу тәртібі

4.1. МЛ-ға екі жас топтарындағы жалпы білім беретін мектеп, лицей мен гимназиялардың сынып командалары қатысады:

бірінші жас топтары	-ұлдар 9-11(12) сынып; -қыздар 9-11(12) сынып;
екінші жас топтары	-ұлдар 7-8 сынып; -қыздар 7-8 сынып.
үшінші жас топтары	-ұлдар 5-6 сынып; -қыздар 5-6 сынып.

- 4.2. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары МЛ Регламентінің барлық талаптарына сәйкес білім алып жатқан жалпы білім беретін мектеп атынан қатыса алады. МЛ-ға өткізетін спорт түрлерінен мамандандырылған сыныптары, спорт интернат оқушылары, ЖСШМ, ОРМБЖМ командалары қатыстырылмайды.
- 4.3. МЛ-ға қатысушы барлық ойыншылар «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заң негізінде Лигаға қатысу және дайындық уақытында жазатайым оқиғадан сақтандырылуға міндеттелуі тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар - Білім бөлімінің басшылары, оқытушы-жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.
- 4.4. Қатысушы команда санына байланысты Лиганы өткізу үлгісі Ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.
- 4.6. Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың есебі Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

## **V. Өтінім, өтінімге дейінгі ауыстырулар**

- 5.1 Лиганың бірінші, екінші және үшінші кезеңіне мандаттық комиссияға талапқа сай төменде көрсетілген құжаттар ұсынады:
- өтінім. Команданың өтініміне ойыншының тегі, бір өкіл, жаттықтырушы жазылады. Өтінімде дәрігер, мектеп директорымен куәландырылады (өтінімге енгізілген ақпараттың сенімділігіне жауап береді) (№1 қосымшаға сәйкес толтырылады);
  - бірінші жас тобына – паспорт немесе туу туралы күәлік;
  - екінші жас тобына - паспорт немесе жеке куәлік;
  - оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, директордың қолы қойылады және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;
  - облыстық, білім басқармасының қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек.
- 5.2 Қатысушылардың тізімі мен бұйрығы жоқ командалар МЛ қатысуға жіберілмейді.

## **VI. Төрешілік ету**

- 6.1. МЛ төрешілік ету спорт түрлерінің ережелерінің Регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.2. МЛ III кезеңінің төреші хатшысы мен бригада төрешісін тағайындауды ААДТЖСДО жүзеге асырады.
- 6.3. МЛ жарысында команданың тағайындалған төрешісін ауыстыру туралы жолдаған жолдауы қабылданбайды және қарастырылмайды.

## **VII. Қаржы жағдайы**

- 7.1. МЛ бірінші, екінші және үшінші кезеңінің барлық шығындары аудандық, қалалық, облыстық ұйымдастыру комитеттерінің жауапкершілігіне жүктеледі.
- 7.2. ААДТЖСДО-на үшінші кезеңдегі шыққан шығындар жүктеледі:
  - төрешілер алқасына, дәрігерлік және қызмет көрсету персоналдың еңбек ақылары шығындарын төлеу;
  - медальдар, кубоктар, дипломдар, кеңсе тауарлары, баннер қамтамасыз ету;
  - спорттық ғимаратты, автокөліктерді жалға алу;
- 7.3. Спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер және команда өкілінің (қонақ үй, тамағы, тәуліктік жол шығыны, бару, қайту жолы) шығыны іссапарға жіберуші ұйымға жүктеледі.

## **VIII. Марапаттау**

- 8.1. Ақтық жарыстың үшінші кезеңінде 1, 2, 3 орын алған командаларға ААДТЖСДО-ның кубоктар, медальдарымен және дипломдарымен марапатталады.
- 8.2. Ең мықты деп танылған спортшылар (үйлестіруші, қорғаушы, шабуылшы, орталық шабуылшы және ең мықты ойыншы) бес номинация бойынша дипломдармен марапатталады.

### **Байланыс телефондары:**

- ААДТЖСДО–Атырау қаласы, тел.8(7122)271210,  
e-mail: [arcrfks\\_2002@mail.ru](mailto:arcrfks_2002@mail.ru)
- Гульзат Унайбаева (87028135802), Хангелді Байтлеуов (87757457307)

# БАСКЕТБОЛДАН «Алтын доп» облыстық мектеп лигасының ЕРЕЖЕСІ

1. Ақтық кезеңі әр жас тобында мынадай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
5-6 сынып (қыздар)		
5-6 сынып (ұлдар)		
7-8 сынып (қыздар)		
7-8 сынып (ұлдар)		
9-11(12) сынып (қыздар)		
9-11(12) сынып (ұлдар)		

**Ескертпе\*** - әр қатысушы өзі оқып жүрген сыныбы үшін қатысады, басқа жоғары немесе төмен сыныпқа қатысуға тыйым салынады (егер ондай жағдай болған жағдайда қатысушы жарыстан шығарылады, командаға жеңіліс беріледі). Жарыстың өтетін мерзімі мен орындары өзгеруі мүмкін.

## 2. Қатысушылар және өткізілу тәртібі

2.1. Екі жас топтарында жалпы білім беретін мектеп, лицей мен гимназиялардың сыныптары қатысады:

Бірінші жас топтар	5-6 сынып, ұлдар 5-6 сынып, қыздар
Бірінші жас топтар	7-8 сынып, ұлдар 7-8 сынып, қыздар
Бірінші жас топтар	9-11(12) сынып, ұлдар 9-11(12) сынып, қыздар

2.2. Мектеп лигасы ойындары «ФИБА баскетболының ресми Ережесі» Регламентке сәйкес өткізіледі.

2.3. Қатысушы команда санына байланысты МЛ өткізу үлгісі ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.

2.4. Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың есебі ААДТЖСДО – ның ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

2.5.МЛ жарыс ұзақтығы:

<b>Ойыншылардың жас топтары</b>	<b>Партия саны</b>	<b>Тайм ұзақтылығы</b>	<b>үзіліс ұзақтылығы</b>
5-6 сынып	4	10 минут	10 минут
7-8 сынып	4	10 минут	10 минут
9-11 сынып	4	10 минут	10 минут

### **3. Өтінім, өтінімге дейінгі ауыстырулар**

3.1. Лиганың екінші, үшінші кезеңінде мандаттық комиссияға талапқа сай төменде көрсетілген құжаттар ұсынылады:

- Өтінім. Команданың өтініміне 10 көп емес, 8 кем емес ойыншының тегі, бір жаттықтырушы жазылады. Өтінім дәрігер, мектеп директорымен куәландырылады (өтінімге енгізілген ақпараттың сенімділігіне жауап береді) (№1 қосымшаға сәйкес толтырылады);

- Бірінші жас тобына – паспорт немесе туу туралы куәлік;
- Екінші жас тобына – паспорт немесе жеке куәлік;
- Оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, директордың қолы қойылады және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;

- Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің қатысушыларды іс-сапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек;

- Жоғарыдағы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы жоқ командалар МЛ-ға қатысуға жіберілмейді.

### **4. Төрешілік ету**

4.1. МЛ төрешілік ету «ФИБА баскетболының ресми Ережесінің» Регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. МЛ – ның әрбір ойынында бір төреші қызмет етеді.

4.3. МЛ –ның төртінші кезеңіндегі төрешісін тағайындауды ААДТЖСДО жүзеге асырады.

4.4. МЛ жарысында команданың тағайындалған Бас төрешісін ауыстыру туралы жолдаған жолдауы қабылданбайды және қарастырылмайды.

### **5. Тәртіпсіздік жазалар мен санкциялар**

4.1. Ойыншы өзінің мінез-құлқын судьяның шешіміне көрсетсе, судьяларға, қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттеріне, әдепсіз сөйлеуге, демонстрациялық түрде допты лақтыруға және басқа да ұқсас әрекеттерге қарсылық ретінде қарастырылады.

4.2. Ойыншының ереже бұзғаны үшін техникалық фолмен жазаланады. Ойын ережесін бірнеше рет бұзған жағдайда, ойыншы ойынан шығарылады.

4.3. Тәртіп бұзушылық ойыннан шығарған ойыншы бір кезекті ойынға қатыспайды. Жасаған ауыр тәртіпсіздігіне байланысты. Тіркелген хаттама бойынша Бас төреші өзінің шешімімен шығару жазасын хаттамаға енгізіп, спортшыға тағы да бір ойынға қатыстырмауға құқылы.

4.4. Ойыншы баскетбол қалқанын ойынға дейін немесе үзіліс кезінде талқандаған болса, ойын уақытында баскетбол себетіне лақтыру немесе беру кезінде ұзақ уақыт себепсіз қасақана асылып тұрса, онда ол келесі бес ойыннан шығарылады және бүлдірген мүлікті қайта бұрынғы қалпына келтіруге міндетті.

4.5. Ойын аяқталған уақытта немесе хаттамаға қол қойылғаннан кейін ойыншы төрешіге, қарсыластарына немесе көрермендерге қарсы тәртіпсіздік танытқан жағдайда және жәбірленушінің атынан баянат жазылса, онда Бас төреші екі кезекті ойыннан ойыншыны шығаруға құқылы.

4.6. Ойын айналымы кезінде жазалау аяқталмай қалса, онда ол қатысатын келесі кезекті жарыс айналымына ауыстырылып, жазаланады.

4.7. Командаға жеңіліс есептеледі егерде осы баптың талаптарына «құқықтан айыру» сәйкес жарысты өткізіп жіберуге тиіс болатын ойыншы ойынға қатысса. Ойынға келмеген командаға 0:20 айып есебі қосылады. Біріншілік кезінде 2 ойынға қатыспаған команда жарыстан алынып тасталады.

4.8. Спорт ғимаратының ішінде, болмаса сыртында сорақы тәртіп бұзушылық болған жағдайда, жаттықтырушы немесе көмекші команданы басқарудан аластатылады, команда және ойыншылар жарыстан алынып тасталады (төбелес, төреші шешімімен дауласу, төрешіге шыдамай тіл тигізу, бәсекелестерге, көрермендерге деген дөрекі әрекеттер, мүліктерді бүлдіру және т.б.).

4.9. Ұйымдастыру комитеті ойын айналымы Бас төрешісінің шешімін қайта қарап, командаға, ойыншыларға, жаттықтырушылар мен команда өкілдеріне көрсеткен жоғары тәртіпсіздік және басқа да әрекеттерінің жазаларына айыппұл санкцияларын ұлғайтып жүктеуге құқылы.

## 5. Наразылық

5.1 Жарыс біткеннен кейін, жарыстың хаттама графасына сәйкес команда капитаны қолы қойылған келіспеушілік қағазын, алдын ала ойынға келіспейтіндігі жөнінде төрешіге ескерту жасайды. Сосын 60 минуттың ішінде жазбаша наразылық қағазын береді. Оған жаттықтырушы қол қойып, МЛ ресми өтінішіне енгізеді.

5.2 «FIBA баскетболының ресми Ережесінің» Регламентінде ереженің бұзылуына байланысты, онда келіспеушіліктің себептері, оны берудің негізгі себептері, болған жай егжей-тегжейлі толығымен баяндалып, жазылады.

5.3 Хаттамаға тіркелмеген және уақытында берілмеген келіспеушілік хаттарын қайта қарауға қабылдамайды.

5.4 МЛ Бас төрешісі Регламент ережесінде көрсетілмеген даулы мәселені шеше алмайтын жағдайда, жазбаша келіспеушілікті ААДТЖСДО тапсырады.

## АСЫҚ АТУ жарысынан облыстық мектеп лигасы

1. МЛ-ның ақтық кезеңі әр жас топтарында мынадай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
9-11(12) сынып (ұл)		
7-8 сынып (ұл)		
5-6 сынып (ұл)		

**Ескертпе\***- әр қатысушы өзі оқып жүрген сыныбы үшін қатысады, басқа жоғары немесе төмен сыныпқа қатысуға тыйым салынады (егер ондай жағдай болған кезде қатысушы жарыстан шығарылады, командаға жеңіліс беріледі). Жарыстың өтетін мерзімі мен орындары өзгеруі мүмкін.

Ойын ұзақтығы:

Ойыншылардың жас топтары	Партия саны	Уақыт ұзақтылығы (асық ату)
9-11(12) сынып	1	Асық ату: 15 мин. 13 асық тігіледі
7-8 сынып	1	Асық ату: 15 мин. 13 асық тігіледі
5-6 сынып	1	Асық ату: 15 мин. 13 асық тігіледі

Команда құрамында 3 ұл ойнайды. Асық ату ойыны Қазақстан Республикасының асық ату федерациясының ережесіне сәйкес өтеді.

## 2. Жарысты ұйымдастыру

### 2.1 Жарысқа қатысуды бекіту жөнінде

Ақтық жарыс:

2.1.1 Ақтық жарысқа қатысатын командалар өтінімдерін жарыс басталардан 15 күн бұрын беруі керек.

2.2. Екінші, үшінші және төртінші кезең командаларының ұсыныстары бойынша Ұйымдастыру комитеті талапқа сай мыналарды ұсынады:

- Өтініш қағазы. Команданың өтініш қағазына кемінде 3 ойыншының тегі, 1 жаттықтырушы жазылады. Өтінім парағы дәрігер мен мектеп директорының қолы мен мөрі арқылы куәландырылады.
- Оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, директордың қолы қойылған болуы керек.
- Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек;
- Талапқа сай қалалық, аудандық кезең өткен жарыстың қорытынды есебін Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығына беріледі.



### **3. Тәртіп санкциясы**

#### **3.1. Ойыншылар:**

3.1.1 Ойыншы өзінің мінез-құлқын төрешінің шешіміне көрсетсе, төрешілерге қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттеріне, әдепсіз сөйлеуге, демонстрациялық түрде басқа да ұқсас әрекеттерге қарсылық ретінде қарастырылады;

3.1.2. Мұндай жағдайда ойыншы барлық жазалау ресми Ережеге сәйкес орындалады.

#### **3.2 Жаттықтырушылар:**

3.2.1 Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде, цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда, ойын есебі төрешінің шешімімен есептеледі. Мұндай жағдайда жаттықтырушы сары немесе қызыл карточкамен жазаланады. Бас төреші өзінің шешімімен жаттықтырушының 1 және одан да көптеген ойындарда істеген тәртіп бұзушылық әрекеттерінің шамасына қарай біліктілігін төмендетуге құқылы.

## **БЕС АСЫҚ ойынынан облыстық мектеп лигасы**

1. МЛ-ның ақтық кезеңі әр жас топтарында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

<b>Ойыншылардың жас топтары</b>	<b>Өткізілетін мерзімі (2021ж.)</b>	<b>Өткізілетін орны</b>
9-11(12) сынып (қыздар)		
7-8 сынып (қыздар)		
5-6 сынып (қыздар)		

**Ескертпе\*** - әр қатысушы өзі оқып жүрген сыныбы үшін қатысады, басқа жоғары немесе төмен сыныпқа қатысуға тыйым салынады (егер ондай жағдай болған кезде қатысушы жарыстан шығарылады, командаға жеңіліс беріледі).

Жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

Жарыс ұзақтығы:

<b>Ойыншылардың жас топтары</b>	<b>Партия саны</b>	<b>Уақыт ұзақтылығы (асық ату)</b>
9-11(12) сынып	1	Бес асық: 15 мин.
7-8 сынып	1	Бес асық: 15 мин.
5-6 сынып	1	Бес асық: 15 мин.

Команда құрамында 3 қыз ойнайды. Бес асықтың барлық ойындары ережеге сәйкес өтеді.

## **2. Өтінім, өтінімге дейінгі ауыстырулар**

### **2.1. Жарысқа қатысуды бекіту жөнінде**

Ақтық жарыс:

2.1.1 Ақтық жарысқа қатысатын командалар өтінімдерін жарыс басталардан 15 күн бұрын беруі керек.

2.2. Екінші, үшінші және төртінші кезең командаларының ұсыныстары бойынша Ұйымдастыру комитеті талапқа сай мыналарды ұсынады:

- Өтініш қағазы. Команданың өтініш қағазына кемінде 3 ойыншының тегі, 1 жаттықтырушы жазылады. Өтінім парағы дәрігер мен мектеп директорының қолы мен мөрі арқылы куәландырылады.
- Жеке куәлік, оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, директордың қолы қойылған болуы керек.
- Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек;
- Талапқа сай қалалық, аудандық кезең өткен жарыстың қорытынды есебін Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығына беріледі.

### **3. Тәртіп санкциясы**

#### **3.1. Ойыншылар:**

3.1.1 Ойыншы өзінің мінез-құылығын төрешінің шешіміне көрсетсе, төрешілерге қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттеріне, әдепсіз сөйлеуге, демонстрациялық түрде басқа да ұқсас әрекеттерге қарсылық ретінде қарастырылады; Мұндай жағдайда ойыншы барлық жазалау ресми Ережеге сәйкес орындалады.

#### **3.2. Жаттықтырушылар:**

3.2.1 Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде, цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда, ойын есебі төрешінің шешімімен есептеледі. Мұндай жағдайда жаттықтырушы сары немесе қызыл карточкамен жазаланады. Бас төреші өзінің шешімі мен жаттықтырушының 1 және одан да көптеген ойындарда істеген тәртіп бұзушылық әрекеттерінің шамасына қарай біліктілігін төмендетуге құқылы.

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН облыстық мектеп лигасы

1. Ақтық кезеңі әр жас тобында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
5-6 сынып		
7-8 сынып		
9-11(12) сынып (ұл, қыз)		

### Ескерту:

- Қыздар ұлдардың орнына қатысуы мүмкін.
- Әр жаңа кезеңде команда құрамындағы ойыншыларды, сол мектеп оқушыларымен ауыстыруға болады (бір кезеңде 2 ауысымнан артық емес).
- әр қатысушы өзі оқып жүрген сыныбы үшін қатысады, басқа жоғары немесе төмен сыныпқа қатысуға тыйым салынады (егер ондай жағдай болған кезде қатысушы жарыстан шығарылады, командаға жеңіліс беріледі).
- Жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

## 2. Өткізілу тәртібі

2.1. Бірінші, екінші, үшінші кезеңдер командалар санына байланысты швейцар немесе айналмалы жүйе бойынша өткізіледі. 1-3 кезеңдердегі уақыт талабы әр ойыншыға 1 сағат. Ақтық кезең жарысы швейцар жүйесімен 7 немесе 9 турда (командалар санына байланысты төрешілер алқасы жиналысында шешіледі) өткізіледі, уақыт талабы әр ойыншыға 1,5 сағат.

2.2. Тоғызқұмалақтан барлық жарыс Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен «Тоғызқұмалақ қағидасы мен ережесіне» сәйкес өткізіледі.

## 3. Жеңімпаздарды анықтау

3.1. МЛ-ның жеңімпаздары командалар жинаған ең көп ұпай санымен анықталады. Команданың әр жеңісі үшін 2 ұпай, тең ойын үшін 1 ұпай, жеңіліс үшін 0 ұпай беріледі. Бір немесе бірнеше командалардың ұпай саны тең болған жағдайда келесі қосымша көрсеткіштер бойынша жеңімпаздар анықталады:

Командалық сынақта:

1. ұпайлар саны;
2. жеке кездесу;
3. ұлдардың 1-тақтасының жеке кездесуінің ұтыс нәтижесі;
4. қыздардың 1-тақтасының жеке кездесуінің ұтыс нәтижесі;
5. ұлдардың 2-тақтасының жеке кездесуінің ұтыс нәтижесі т.с.с.;
6. қосымша «Шапшаң ойын»;
7. жеребе

## ФУТЗАЛ «Теңбіл доп» облыстық мектеп лигасы

1. Ақтық кезеңі әр жас тобында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
5-6 сынып (ұл)		
5-6 сынып (қыз)		
7-8 сынып (ұл)		
7-8 сынып (қыз)		
9-11(12) сынып (ұл)		
9-11(12) сынып (қыз)		

**Ескертпе\*** - әрбір қатысушы өзі оқитын сыныпқа/мектепке қатысады, төмен/жоғары сыныпқа немесе басқа мектепке қатысуға тыйым салынады (егер бұл факт кенеттен анықталса, онда ойыншы дисквалификацияланады, командаға жеңіліс беріледі).

Жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

### 2. Лиганың қатысушылары және өткізу шарттары

2.1. Футзал бойынша МЛ жарыстары осы жас топтарына сай келетін халықаралық ережеге сәйкес өткізіледі;

2.2. Жалпы білім беру мектептерінің, лицей және гимназияларының 5-6,7-8, 9-11(12) сынып ұлдар мен қыздар командалары қатысады;

2.3. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары МЛ Регламентінің барлық талаптарына сәйкес білім алып жатқан жалпы білім беретін мектеп атынан қатыса алады. МЛ-ға футболдан мамандандырылған сыныптары, спорт интернат оқушылары, ЖСПМ, ОРМБЖМ командалары қатыстырылмайды;

2.4. МЛ-ға қатысушы барлық ойыншылар «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңының 31-бабының негізінде Лигаға дайындық және қатысу кезінде жазатайым оқиғадан міндетті түрде сақтандырылулары тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар-білім басқармаларының басшылары, оқытушы-жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

2.5. Қатысушы команда санына байланысты Лиганы өткізу үлгісі Ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.

2.6. Бірінші кезеңге өтінім беру кезінде жеңілдетілген нысандағы өтінім парағын ұсынады.

Лиганың екінші, үшінші және төртінші кезеңдеріне өтінім берген кезде командалар тиісті ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:

- өтінім парақтары. Команданың өтінім парағына 10 ойыншыдан және мектептің 1 жаттықтырушы тегі енгізіледі. Өтініш парағын дәрігер және мектеп директоры растайды.

- Паспорт немесе жеке куәлік қол қойылған құжаттардың түпнұсқалығына толық жауап беретін директор куәландырған фотосуреті мен мектеп мөрі бар оқушының жеке парағы.
- қатысушыларды атаулы аударумен іссапарға жіберуге қалалық, аудандық білім бөлімдерінің бұйрығы.

Жоғарыда аталған құжаттары жоқ командалар лиганың келесі кезеңдеріне қатысуға жіберілмейді.

2.7. Талапқа сай МЛ-ның алдыңғы өткен кезеңінің есебі ААДТЖСДО – на тапсырылады.

2.8. МЛ-ның жарыс ұзақтығы:

<b>ойыншылардың жас топтары</b>	<b>тайм саны</b>	<b>тайм ұзақтылығы</b>	<b>үзіліс ұзақтылығы</b>
5-6 сынып	2	10 минут	5 минут
7-8 сынып	2	15 минут	5 минут
9-11(12) сынып	2	20 минут	5 минут

2.9. Футзал ойындарының Ережелеріне сәйкес, ойыншылар жарысты қалқаншада (щитки) өткізуге міндетті.

2.10. Ойынға екі команда қатысады, олардың әрқайсысы 5 ойыншыдан, соның ішінде қақпашыдан тұрады. Қосалқы ойыншылар саны - жеті. Матч барысында ауыстыру саны шектелмеген. Ауыстырылған ойыншы басқа ойыншыны ауыстыру арқылы алаңға оралуы мүмкін. Доп ойында немесе ойында болмаған кезде орын алатын ауыстырулар ойын ережелеріне сәйкес орындалады.

Айып соққысы, доп ойын кезінде болғанда, ойыншысы төмендегі ойын тәртіптерін бұзған командаға тағайындалады, онымен қоса, төреші әрекеттер (бұзушылықтар) сипатында абайсыздық (ұқыпсыздық), ағаттық немесе шектен тыс күш қолдану бар жоқтығын анықтауы тиіс:

- қарсыласты аяғымен ұру немесе ұруға әрекеттену;
- қарсыласты шалып түсіру немесе шалып түсіруге әрекеттену;
- қарсыласқа секіру;
- қарсыласқа шабуылдау, тіпті иығымен;
- қарсыласты қолымен ұру немесе ұруға әрекеттену;
- қарсыласты итеру.

Айып соққысы, сондай-ақ ойыншысы төмендегі кез-келген ойын тәртіптерін бұзған командаға тағайындалады:

- қарсыласын ұстап қалса;
- қарсыласына түкірсе;
- қарсыласы доппен ойнап жатқанда немесе ойнауға әрекеттеніп жатқанда (төселмелі түру), қарсыласынан допты алып қойса, өзінің айып алаңындағы қақпашыны есептемегенде, бірақ, қақпашы абайсызда, ағаттықта немесе шектен тыс күш қолдана отырып ойнамаған жағдайда.
- қасақана допты қолымен ойнаса, өзінің айып алаңындағы қақпашыны есептемегенде;
- айып соққысы ойын тәртібі бұзылған орыннан жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған барлық тәртіп бұзушылықтар жинақталған бұзушылықтар болып саналады.

*\* Өзге кез келген жағдайда футбол ойнау ережесін басшылыққа алу қажет (шағын футбол).*

### **3. Жеңімпаздарды анықтау және тәртіптік санкциялар**

3.1. Жеңімпаздар МЛ-ның барлық кезеңінде жиналған ұпай санына қарай анықталады, Ойында жеңіске – 3 ұпай, тең ойынға – 1 ұпай, жеңіліске – 0 ұпай беріледі. Егер жарыс қорытындысында екі немесе одан да көп команда бірдей мөлшерде ұпай жинаған болса, онда орындар төмендегі көрсеткіштерге байланысты анықталады:

- барлық жарыстарда ең көп жеңіс сандары бойынша;
- бір-бірінің арасындағы ойын қорытындысы бойынша;
- барлық жарыста гол соғылған және өткізіп алынған доптардың ең жақсы айырмашылықтары бойынша;
- барлық жарыста ең көп гол соғылған доп санына байланысты;
- жарыс хаттамасына еңгізілген тәртіп бұзушылықтардың ең аз саны бойынша.

МЛ-ның төртінші кезең жеңімпаздары, жарыстың «түйісу» сатысынан бастап, бір жарыс нәтижесімен анықталады. Егер жарыстың негізгі уақыты тең аяқталған жағдайда, онда жеңімпаз футбол ойыны Ережесіне сәйкес, айып добын соғу топтамасы арқылы анықталады.

3.2. МЛ-ға келген ойыншылар тәртібіне жауапкершілік жаттықтырушылар мен команда өкілдеріне жүктеледі.

3.3. Ойынға қатысушы командалардың тәртіп бұзушылық іс-әрекеттері ойынды болдырмауға әкеліп соқтырса, мұндай кезде команда кінәлі болып табылса, Лиганың Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, ал қарсылас команда есебіне 3-0 жеңіс есебі қосылады.

3.4. Жарысқа дәлелді себепсіз келмей қалған командаға Лиганың Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, қарсылас командаға 3-0 жеңіс есебі қосылады. Жарысқа дәлелсіз себеппен қайтадан келмей қалған жағдайда, МЛ-ның Төрешілер алқасының шешімімен Лиганың қатысушылар құрамынан шығарылып тасталады. Егер Лигадан шығарылған команда жарыстың жартысынан аз уақытын өткізсе, онда оның нәтижелері жойылады. Егер жарыстың жартысын және одан көбісін өткен болса, онда ол командаға жарыстың қалған 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, ал қарсылас командаға 3-0 есебіндегі жеңіс болып есептеледі.

3.5. Жарысқа белгіленген тәртіпте рәсімделмеген немесе жарысқа қатысу құқығынан айырылған футболшының қатысқаны үшін, командаға МЛ-ның Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, ал қарсылас командаға 3-0 жеңіс есебі қосылады.

3.6. Ойыншы ойын өтіп жатқан уақытта екі рет ескерту алған жағдайда, автоматты (шешім шығарылмастан) түрде келесі бір ойынға шектетіледі.

3.7. Алаңнан шығарылған ойыншы автоматты түрде келесі бір ойынға жіберіледі. Барлық ойыншыларды ойыннан шығаруды МЛ-ға Төрешілер алқасы қарастырады.

3.8.МЛ-ға Төрешілер алқасының барлық шешімдеріне оның шығарылған күнінен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде ААДТЖСДО - на шағым түсіруге болады.

## ГАНДБОЛ «Ұшқыр доп» облыстық мектеп лигасы

1. Ақтық кезеңі әр жас тобында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
9-11(12) сынып (ұл)		
9-11(12) сынып (қыз)		
7-8 сынып (ұл)		
7-8 сынып (қыз)		
5-6 сынып (ұл)		
5-6 сынып (қыз)		

**Ескертпе\*** - әр қатысушы өзі оқып жүрген сыныбы үшін қатысады, басқа жоғары немесе төмен сыныпқа қатысуға тиым салынады (егер ондай жағдай болған кезде қатысушы жарыстан шығарылады, командаға жеңіліс беріледі). Жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

## 2. Қатысушылары және өткізілу тәртібі

2.1. МЛ-ға екі жас топтарындағы жалпы білім беретін мектеп, лицей мен гимназиялардың сынып командалары қатысады:

бірінші жас топтары	-ұлдар 9-11(12) сынып; -қыздар 9-11(12) сынып;
екінші жас топтары	-ұлдар 7-8 сынып; -қыздар 7-8 сынып.
үшінші жас топтары	-ұлдар 5-6 сынып; -қыздар 5-6 сынып.

2.2. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары МЛ Регламентінің барлық талаптарына сәйкес білім алып жатқан жалпы білім беретін мектеп атынан қатыса алады. МЛ-ға өткізетін спорт түрлерінен мамандандырылған сыныптары, спорт интернат оқушылары, ЖСШМ, ОРМБЖМ командалары қатыстырылмайды.

2.3. МЛ-ға қатысушы барлық ойыншылар «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заң негізінде Лигаға қатысу және дайындық уақытында жазатайым оқиғадан сақтандырылуға міндеттелуі тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар - Білім бөлімінің басшылары, оқытушы-жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.



- 2.4. Қатысушы команда санына байланысты Лиганы өткізу үлгісі Ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.
- 2.5. Қатысушы команда санына байланысты МЛ өткізу үлгісі Ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.
- 2.6. Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың есебі ААДТЖСДО Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.
- 2.7. МЛ жарыс ұзақтығы:

<b>Ойыншылардың жас шамасы</b>	<b>Тайм саны</b>	<b>Тайм ұзақтылығы</b>	<b>Үзіліс ұзақтылығы</b>
9-11(12) сынып	2	30 минут	10 минут
7-8 сынып	2	25 минут	10 минут
5-6 сынып	2	25 минут	10 минут

### **3. Өтінім, өтінімге дейінгі ауыстырулар**

- 3.1. Лиганың екінші, үшінші және төртінші кезеңіне мандаттық комиссияға талапқа сай төменде көрсетілген құжаттар ұсынады:
  - өтінім. Команданың өтініміне 10 көп емес, 8 кем емес ойыншының тегі, бір жаттықтырушы жазылады. Өтінімде дәрігер, мектеп директорымен куәландырылады (өтінімге енгізілген ақпараттың сенімділігіне жауап береді) (№1 қосымшаға сәйкес толтырылады);
  - бірінші жас тобына – паспорт немесе туу туралы күәлік;
  - екінші жас тобына - паспорт немесе жеке күәлік;
  - оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, деректордың қолы қойылады және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;
  - аудандық, қалалық білім бөлімінің қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек.
- 3.2. Жоғарыдағы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы жоқ командалар МЛ қатысуға жіберілмейді.

### **4. Төрешілік ету**

- 4.1. МЛ төрешілік ету спорт түрлерінің ережелерінің Регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.2. МЛ ІІІ кезеңінің төреші хатшысы мен бригада төрешісін тағайындауды ААДТЖСДО жүзеге асырады.
- 4.3. МЛ жарысында команданың тағайындалған төрешісін ауыстыру туралы жолдаған жолдауы қабылданбайды және қарастырылмайды.

## ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН облыстық мектеп лигасы

1. Ақтық кезеңі әр жас санаты бойынша келесі тәртіпте бөлек өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі (2021ж.)	Өткізілетін орны
5-6 сынып (ұл, қыз)		
7-8 сынып (ұл, қыз)		
9-11(12) сынып (ұл, қыз)		

**Ескертпе\*** - әр қатысушы өзі оқып жүрген сыныбы үшін қатысады, басқа жоғары немесе төмен сыныпқа қатысуға тыйым салынады (егер ондай жағдай болған кезде қатысушы жарыстан шығарылады, командаға жеңіліс беріледі). Жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

### 2. Қатысушылары және өткізілу тәртібі

2.1. МЛ екі жас топтарындағы жалпы білім беретін мектеп, лицей мен гимназиялардың сынып командалары қатысады:

Бірінші жас топтары	-ұлдар 5-6 сынып; -қыздар 5-6 сынып.
Екінші жас топтары	-ұлдар 7-8 сынып; -қыздар 7-8 сынып.
Үшінші жас топтары	-ұлдар 9-11(12) сынып; -қыздар 9-11(12) сынып.

2.2. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары осы Ереженің барлық талаптарын сақтай отырып оздері оқитын орта білім беру, мектептерінің МЛ-на ұсынуға құқылы. Үстел теннисі Лигасына БСШМ, БЖОРМ спорт мамандандырылған сыныптардың және спорт интернаттардың командаларына қатысуға тыйым салынады.

2.3. Лигаға қатысушы барлық ойыншылар Қазақстан Республикасы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заң № 31 бабы шеңберінде жаттығу кезінде және Лигаға қатысу жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырылуға жатады. Міндетті сақтандыру бойынша жауапкершілікті білім бөлімінің басшылары, жаттықтырушылар, оқытушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері атқарады. Команда өкілдері мен жаттықтырушылар жолда және жарыс кезінде спортшылардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береді.

2.4. Барлық ойындар Федерация бекіткен үстел теннисі ережелеріне сәйкес өткізіледі.

2.5. МЛ форматын ұйымдастыру комитеті қатысушы командалардың санына байланысты анықтайды. Әрбір келесі кезеңде бірінші орын алған командалар өтеді.

2.6. Өткен жарыстар туралы есеп, талаптарға сәйкес ААДТЖСДО Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

2.7. Жарыстардың өткізу жүйесі:

Лига тек жекелеген кездесулердің көпшілігінде (матчта үш жеңіске дейін) жүйеге сәйкес командалық жарыс ретінде, келесі жас топтарына өткізіледі.

- 5 – 6 сынып
- 7 – 8 сынып
- 9-11(12) сынып

Команда құрамында 3 ойыншы болуы керек (2 ұл, 1 қыз) Матчқа 3 ойыншы қатыса алады;

әр ойыншы 2-ден көп емес кездесуге қатысады.

Кездесу тәртібі:

- 1) А – Х
- 2) В – Y
- 3) С – Z (қыздар арасындағы ойын)
- 4) F – Y
- 5) В – X

Жекелеген кездесулер бес партиялардың көпшілігіне өткізіледі. (үш жеңіске дейін)

### **3. Қатысуға өтінім**

3.1 МЛ екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінде өтінім беру кезде командалар тиісті ұйымдастыру комитетіне келесіні тапсырады:

- Өтінім тізімі - команданың өтінім тізіміне 3 ойыншының (2 ұл, 1 қыз) есімдерін енгізеді; бас жаттықтырушы, бір төреші және бір команда өкілі. Өтінім тізімін дәрігер және мектеп директоры (өтінімге енгізілген ақпараттың дұрыстығына жауапты болады) куәландырады.(қосымшаға №1 ). Құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады; Қатысушылардың аты-жөні мен тізімі көрсетілген аудандық, қалалық білім бөлімінің іссапарға жіберу туралы бұйрығы.

### **4.Төрешілік ету**

- 4.1. Лига ойындарына төрешілік ету спорт түрлерінің ережелерінің Регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.2. Әр лигада бір төреші қызмет етеді.
- 4.3. Лиганың ІІІ кезеңінің төрешілерін құрамын тағайындауды ААДТЖСДО жүзеге асырады.
- 4.4. Лиганың VI жарысында команданың тағайындалған төрешісін ауыстыру туралы жолдаған жолдауы қабылданбайды және қарастырылмайды.

## ФУТБОЛ «Былғары доп» облыстық мектеп лигасы

1. Ақтық кезеңі әр жас тобында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас шамалары	Күн саны	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
5-6 сыныптар (ұл)	2		
5-6 сыныптар (қыз)	2		
7-8 сыныптар (ұл)	2		
7-8 сыныптар (қыз)	2		
9-11(12) сыныптар (ұл)	2		
9-11(12) сыныптар (қыз)	2		

**Ескертпе\***-әрбір қатысушы өзі оқитын сыныпқа/мектепке қатысады, төмен/жоғары сыныпқа немесе басқа мектепке қатысуға тыйым салынады (егер бұл факт кенеттен анықталса, онда ойыншы дисквалификацияланады, командаға жеңіліс беріледі). Жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

## 2. Лиганың қатысушылары мен өткізілу тәртібі

- 2.1. Лигаға үш жас топтарындағы жалпы білім беру мектептерінің, лицей және гимназияның құрама сыныптары қатысады:
  - бірінші жас топтары - 5-6 сыныптар (ұлдар, қыздар);
  - екінші жас топтары - 7-8 сыныптар (ұлдар, қыздар);
  - үшінші жас топтары - 9-11(12) сыныптар (ұлдар, қыздар).
- 2.2. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары МЛ Регламентінің барлық талаптарына сәйкес білім алып жатқан жалпы білім беретін мектеп атынан қатыса алады. **МЛ-ға футболдан мамандандырылған сыныптары, спорт интернат оқушылары, ЖСШМ, ОРМБЖМ командалары қатыстырылмайды.**
- 2.3. МЛ-ға қатысушы барлық ойыншылар «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңының 31-бабының негізінде Лигаға дайындық және қатысу кезінде жазатайым оқиғадан міндетті түрде сақтандырылулары тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар-білім басқармаларының басшылары, оқытушы-жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.
- 2.4. Барлық ойындар «Футбол ойыны ережелерінің» қолданыстағы редакциясына сәйкес (ФИФА) өткізіледі.
- 2.5. Лиганы өткізу форматы қатысушы командалардың санына байланысты ұйымдастыру комитетімен анықталады. Мектеп командалары үшін ойындарды өткізу форматы келесідей анықталады:

- 5-6 сыныптар арасында Лиганың бірінші (1) және екінші (2) кезеңдерінде 5x5 форматы (4 негізгі ойыншы + 1 қақпашы). Лиганың үшінші (3) және төртінші (4) кезеңдері үшін 6x6 форматы (5 негізгі ойыншы + 1 қақпашы).
  - 7-8 сыныптар арасында Лиганың бірінші (1) және екінші (2) кезеңдерінде 5x5 форматы (4 негізгі ойыншы + 1 қақпашы). Лиганың үшінші (3) және төртінші (4) кезеңдері үшін 8x8 форматы (7 негізгі ойыншы + 1 қақпашы).
  - 9-11 сыныптар арасында Лиганың барлық кезеңдері үшін 11x11 форматы (10 негізгі ойыншы + 1 қақпашы).  
Әрбір келесі кезеңге алдыңғы кезеңде бірінші орын алған командалар шығады.
- 2.6. Бірінші кезеңге мектеп командасы өтінім беру кезінде жеңілдетілген нысандағы өтінім парағын ұсынады.
- 2.7. Лиганың екінші, үшінші және төртінші кезеңдеріне өтінім берген кезде командалар тиісті ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:
- (5-6 сынып оқушылары арасында) 13 адам, құрамына 12 ойыншы, команда мектебінің 1 жаттықтырушы кіретін өтінім парақтары. Өтінім парағын дәрігер және мектеп директоры растайды (№1 қосымша);
  - (7-8 сынып оқушылары арасында) 13 адам құрамына 12 ойыншы, команда мектебінің 1 жаттықтырушы мектептен кіретін өтінім парақтары. Өтінім парағын дәрігер және мектеп директоры растайды (№1 қосымша);
  - (9-11 сынып оқушылары арасында) 16 адамнан аспайтын, құрамына 15 ойыншы, команда мектебінің 1 жаттықтырушы кіретін өтінім парақтары. Өтінім парағын дәрігер және мектеп директоры растайды (№1 қосымша);
  - бірінші, екінші жас тобына – паспорт немесе туу туралы күәлік; үшінші жас тобына - паспорт немесе жеке күәлік;
  - оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, деректордың қолы қойылады және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;
  - аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек.
- 2.8. Жоғарыдағы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы жоқ командалар МЛ қатысуға жіберілмейді.
- 2.9. Талаптарға сәйкес өткен жарыстар туралы есеп Атырау облыстық білім беру басқармасы ААДТЖСДО ұйымдастыру комитетіне жолданады.
- 2.10. 5-6 және 7-8 сынып оқушылары арасында бірінші (1), екінші (2) кезеңдердің ойындарын жабық спорт алаңдарында 5x5 форматында (4 негізгі ойыншы + 1 қақпашы) өткізу ұсынылады.
- 6x6 форматы бойынша **5-6 сынып оқушылары арасында** үшінші (3) және төртінші (4) кезеңдердің ойындарын тікбұрышты пішіндегі

футбол алаңдарында өткізу ұсынылады. Алаң ұзындығы: 50-55 метрден аспайды, ені: 30-35 метрден аспайды.

- 8x8 форматы бойынша **7-8 сынып оқушылары арасында** үшінші (3) және төртінші (4) кезеңдердің ойындарын тіктөртбұрыш нысанындағы футбол алаңдарында өткізу ұсынылады. Ұзындығы: 50 м кем емес, 80 м артық емес, ені: 30 м кем емес, 45 м артық емес.

- **9-11 сынып оқушылары арасында** Лиганың барлық кезеңдерінің 11x11 форматындағы ойындары футбол алаңының жасанды немесе табиғи көгалында өткізіледі.

2.11. Футбол алаңының жасанды немесе табиғи көгалдарында ойнау үшін №5 доп қолданылады.

2.12. Лиганың жарыс ұзақтығы:

<b>ойыншылардың жас шамалары</b>	<b>тайм саны</b>	<b>Тайм ұзақтылығы</b>	<b>үзіліс ұзақтылығы</b>
5-6 сыныптар	2	20 минут	7 минут
7-8 сыныптар	2	25 минут	10 минут
9-11(12) сыныптар	2	30 минут	10 минут

**Ескертпе:** жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

2.13. Футбол ойнау Ережелеріне сәйкес, ойыншылар жарыста қалқаншаларды (щитки) тағуға міндетті.

### **3. Жеңімпаздарды анықтау және тәртіптік санкциялар**

3.1. Жеңімпаздар Лиганың барлық кезеңінде жиналған ұпай санына қарай анықталады, Ойында жеңіске – 3 ұпай, тең ойынға – 1 ұпай, жеңіліске – 0 ұпай беріледі. Егер жарыс қорытындысында екі немесе одан да көп команда бірдей мөлшерде ұпай жинаған болса, онда орындар төмендегі көрсеткіштерге байланысты анықталады:

- барлық жарыстарда ең көп жеңіс сандары бойынша.
- бір-бірінің арасындағы ойын қорытындысы бойынша.
- барлық жарыста гол соғылған және өткізіп алынған доптардың ең жақсы айырмашылықтары бойынша.
- барлық жарыста ең көп гол соғылған доп санына байланысты.
- жарыс хаттамасына еңгізілген тәртіп бұзушылықтардың ең аз саны бойынша (ескерту – 1 айып ұпай, шығарып жіберу – 5 айып ұпай).

Осы тармақтың барлық көрсеткіштері басымдылық тәртібімен берілген, яғни, есеп жүргізу кезіндегі басымдық алдыңғы көрсеткішке беріледі.

Барлық көрсеткіштер абсолюттік тең жағдайда, команда орыны жеребемен анықталады.

Турнирдің төртінші кезеңінің матчтарындағы жеңімпаздар «түйісу» (стыковых) ойындар кезеңінен бастап бір ойынның нәтижесі бойынша анықталады. Егер ойынның негізгі уақыты тең есеппен аяқталса, онда

жеңімпаз футбол ойынының ережелеріне сәйкес айып (пенальти) соққыларының сериясында анықталады:

- 9 метрлік белгіден бастап (5-6 сынып оқушылары арасында);
- 10 метрлік белгіден бастап (7-8 сынып оқушылары арасында);
- 11 метрлік белгіден бастап (9-11(12) сынып оқушылары арасында).

3.2. Лигаға келген ойыншылар тәртібіне жауапкершілік жаттықтырушылар мен команда өкілдеріне жүктеледі.

3.3. Ойынға қатысушы командалардың тәртіп бұзушылық іс-әрекеттері ойынды болдырмауға әкеліп соқтырса, мұндай кезде команда кінәлі болып табылса, Лиганың Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, ал қарсылас команда есебіне 3-0 жеңіс есебі қосылады.

3.4. Жарысқа дәлелді себепсіз келмей қалған командаға Лиганың Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, қарсылас командаға 3-0 жеңіс есебі қосылады. Жарысқа дәлелсіз себеппен қайтадан келмей қалған жағдайда, Лиганың Төрешілер алқасының шешімімен Лиганың қатысушылар құрамынан шығарылып тасталады. Егер Лигадан шығарылған команда жарыстың жартысынан аз уақытын өткізсе, онда оның нәтижелері жойылады. Егер жарыстың жартысын және одан көбісін өткен болса, онда ол командаға жарыстың қалған 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, ал қарсылас командаға 3-0 есебіндегі жеңіс болып есептеледі.

3.5. Жарысқа белгіленген тәртіпте рәсімделмеген немесе жарысқа қатысу құқығынан айырылған футболшының қатысқаны үшін, командаға Лиганың Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде жеңіліс есептеледі, ал қарсылас командаға 3-0 жеңіс есебі қосылады.

3.6. Ойыншы Лига өтіп жатқан уақытта екі рет ескерту алған жағдайда, автоматты (шешім шығарылмастан) түрде келесі бір ойынға шектетіледі.

3.7. Алаңнан шығарылған ойыншы, автоматты түрде келесі бір ойынды өткізіп жібереді. Ойыншыларды алып тастаудың барлық жағдайлары Лиганың Төрешілер алқасының қарауына жатады. Егер ойыншыны ойыннан шығару үшін ҚФФ Тәртіптік регламентінде 5 жарысқа (қоса алғанда) дейін қатысу құқығынан айыру көзделетін болса, онда Лиганың Төрешілер алқасы бұл қатысу құқығынан айыру туралы шешімді өздігімен шығарады. Егер ойыншыны ойыннан шығару үшін ҚФФ Тәртіптік регламентінде 5 жарыстан артық қатысу құқығынан айыру көзделетін болса, онда бұл жағдай бойынша барлық материалдар Лиганың Төрешілер алқасымен ААДТжСДО -на жолданады. Сондай-ақ, ААДТжСДО -ның қарауына Лига кезінде жасалған өзге де тәртіптік бұзушылықтар, оның ішінде командалардың ресми тұлғалары тарапынан жасалған бұзушылықтар (жаттықтырушылар және команда өкілдері) қаралады.

3.8. Лигадағы Төрешілер алқасының барлық шешімдеріне оның шығарылған күнінен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде шағым түсіруге болады.

#### **4.Лиганың Төрешілігі**

4.1. МЛ ойындарына төрешілік ету «Футбол ойыны ережелерінің» қолданыстағы редакциясына сәйкес (ФИФА) және осы Регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Мектеп лигасы бойынша 5x5 және 6x6 форматындағы әр ойынға 2 төреші қазылық етеді. 8x8 және 11x11 форматы үшін 3 төреші қызмет атқарады (1 Бас төреші, 2 төрешінің көмекшілері).

4.3. Мектеп лигасының 4 кезеңіне төрешілер бригадасы мен хатшыны тағайындауды ААДТЖСДО жүзеге асырады.

4.4. МЛ ойындарына тағайындалған төрешілерді ауыстыру туралы командалардың өтініштері қабылданбайды және қаралмайды.

## **ВОЛЕЙБОЛ «Шұбар доп» облыстық мектеп лигасы**

1. МЛ-ның ақтық кезеңі әр жас топтарында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

<b>Ойыншылардың жас топтары</b>	<b>Өткізілетін мерзімі (2021 ж.)</b>	<b>Өткізілетін орны</b>
9-11(12) сынып (ұл)		
9-11(12) сынып (қыз)		
7-8 сынып (ұл)		
7-8 сынып (қыз)		
5-6 сынып (ұл)		
5-6 сынып (қыз)		

**Ескертпе:** жарыстың өтетін мерзімдері мен орындары өзгеруі мүмкін.

## **2. МЛ қатысушылар және өткізілу тәртібі**

2.1. Волейболдан Ұлттық мектеп лигасының жарысы халықаралық ережеге сәйкес жас топтары бойынша өткізіледі.

2.2. МЛ-ға жалпы білім беретін мектеп пен гимназиялардың 3 жас тобының құрама командалары қатысады:

- бірінші жас топтары -11- 9 сынып. ұлдар  
-11- 9 сынып. қыздар
- екінші жас топтары -8 - 7 сынып. ұлдар  
-8 - 7 сынып қыздар
- үшінші жас топтары -6 - 5 сынып ұлдар  
-6 - 5 сынып. қыздар

2.3. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары МЛ регламентінің барлық талаптарына сәйкес білім алып жатқан жалпы білім беретін мектеп атынан қатыса алады. МЛ-ға волейболдан мамандандырылған сыныптар, спорт интернат оқушылары, ЖСШМ, ОРМБЖМ командалары қатыстырылмайды.



- 2.4. МЛ-ға қатысушы барлық ойыншылар «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы негізінде МЛ-ға қатысу және дайындық уақытында жазатайым оқиғадан сақтандырылуға міндеттелуі тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар – қалалық, аудандық білім басшылары, оқытушы-жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.
- 2.5. Қатысушы команда санына байланысты МЛ-ны өткізу үлгісі ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.
- 2.6. Екінші, үшінші және төртінші кезең командаларының ұсыныстары бойынша Лиганың ұйымдастыру комитеті талапқа сай мыналарды ұсынады:
- Өтініш парағы. Команданың өтініш қағазына кемінде 10 ойыншының тегі, бір жаттықтырушы жазылады. Өтінім парағы дәрігер мен мектеп директорымен куәландырылады (өтінішке енгізілген ақпараттың сенімділігіне жауап береді);
  - Оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, директордың қолы қойылған және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;
  - Қалалық, аудандық білім бөлімінің қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты –жөні тізімі мен бұйрығы болуы керек; Жоғарыдағы аты-жөні жазылған тізім мен бұйрығы жоқ командалар Лиганың келесі кезеңіне қатысуға жіберілмейді.
- 2.7. Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың есебі ААДТжСДО - ның ұйымдастыру комитетіне беріледі.
- 2.8. Лиганың жарыс ұзақтығы:

<b>ойыншылардың жас топтары</b>	<b>тайм саны</b>	<b>тайм ұзақтылығы</b>
11- 9 сынып	3 партиядан	25 ұпайға дейін 2 партия
8 - 7 сынып	3 партиядан	1:1 тең есепте 3 партия 15 ұпайға дейін
6 - 5 сынып	3 партиядан	дейін

- 2.9. Волейболдан барлық ойын халықаралық ойын ережесіне сәйкес өтеді. 2: 0-ге-3 ұпай, 2:1-ге–2 ұпай, 0:2-ге 0 ұпай жеңіліс есебі есептеледі, 1:2-ге- 1 ұпай жеңіс есебі есептеледі.

### **3. Жарысты ұйымдастыру**

#### **3.1. Жарысқа қатысуды бекіту жөнінде.**

Ақтық жарыс:

3.1.1. Ақтық жарысқа қатысатын командаларды бекіту, жарыс басталғанға дейін 30 күн бұрын жасалады. Жарыстың қатысушылар құрамына өз командасын тіркетпеген команда жарысқа қатыстырылмайды, басқа командалармен ауыстырылады.

### **3.2. Жарысқа қатысудан бас тарту.**

3.2.1. Жарыстың әрбір кезеңіне шақыртуы бар команда белгілі бір себептермен жарысқа келе алмаған жағдайда, онда команда тез арада ол жөнінде өткізуші ұйым мекен-жайына хатпен хабарлауы қажет.

3.2.2. Ақтық жарысқа команда қатысушылары келе алмайтын жағдайда, жарысқа онда олардың орнына тәртіп бойынша іріктелген команда қатысады.

3.2.3. Жарысқа дер кезінде қатыспайтындығы жөнінде хабарламаған командаға өткізуші ұйымның шешімімен санкция қолданылады, келесі мезгіл жарысына шейін жарыстан шығарылып тасталады.

## **4. МЛ-ны өткізу**

**4.1. Мандат комиссиясы** комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұрады. Комиссия төрағасын ААДТЖСДО тағайындайды.

### **4.2. Мандат комиссиясы төрағасының міндеті:**

- Команда ойыншыларының құжаттарын барлық талаптарға сай толық тексеріп, қабылдауы қажет.
- Жарысқа рұқсат етілмеген ойыншылар мен келмей қалған командалардың техникалық өтініштері шығарып тасталады.

**4.3.** Қандай да бір құжаттар жоқ болса, онда ойыншы ойынға жіберілмейді. Ол жарысқа жетпей тұрған құжатының түпнұсқасы немесе факспен көшірмесі түскен жағдайда ғана ойынға жіберіледі. Бұл ереже түгел командаға да қатысты. Егер кесте (15 минут қосылады) бойынша ойын басталған кезде рұқсат етілген команданың алты ойыншысы жоқ болса, онда оған қосымша айып есеп қосылады, бірақ команда жарыстан шығарылмайды.

### **4.4. Ойын кестесі.**

Жарыстың барлық кезеңінде ойын кестесі төрешілер алқасы отырысында жасалады (бұдан әрі - ТА).

### **4.5. Ойын ережесі.**

Барлық Лига ойындары «Волейболдың ресми ережесімен» өткізіледі.

### **4.6. Қатысушылардың міндеттері.**

#### **4.6.1 Командалар:**

Қосалқы ойыншылар орындығында тек ойынға қатысуға рұқсат етілген мүшелер ғана отыруға құқылы. Ереже талаптарына сәйкес, әрбір командада кемінде екі форма жиынтығы болуы қажет – бірі ашық түсті, ел екіншісі қара, әр ойыншының кеудесіне нөмір жазылуы тиіс.

#### **4.6.2 Жаттықтырушылар:**

Команда құжаттарында көрсетілген ақпараттардың растығына жауапкершілік мектеп директоры мен жаттықтырушыға жүктеледі.

Жарыс күндері мен іссапарда жүру кезіндегі спортшылардың денсаулығы

мен қауіпсіздік жауапкершілігі жаттықтырушыға жүктеледі.  
Жаттықтырушылар мен команда ойыншылары жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне қатысуға міндетті.

## **5. Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар**

### **5.1. Ойыншылар.**

5.1.1. Ойыншының судьяларға, қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттері, әдепсіз сөйлегені, демонстрациялық түрде допты лақтыруы және басқа да ұқсас әрекеттері төрешіге қарсылық ретінде қарастырылады; Мұндай жағдайда ойыншыны жазалау халықаралық ресми Ережеге сәйкес орындалады.

### **5.2. Командалар.**

5.2.1. Команда ойыншылары өрескел тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, жаттықтырушылар команда басшылығынан шеттетіледі, сондай-ақ спорт ғимаратынан, ал команда ойыншылары жарыстан шығарылады (төбелес, спорт тәртібін бұзу, спорттық мүліктерді қирату және т.б.).

5.2.2. ААДТЖСДО командаға, команда өкілі мен жаттықтырушыларға көрсеткен өрескел сорақылық әрекеттері үшін шара қолдануға, сонымен қатар, турдың бас төрешісінің шешімін қайта қарап, олардың айыппұл санкциясын ұлғайтуға құқылы.

### **5.3 Жаттықтырушылар.**

5.3.1 Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде, цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда, ойын есебі төрешінің шешімімен есептеледі. Мұндай жағдайда жаттықтырушы сары немесе қызыл карточкамен жазаланады. Бас төреші өзінің шешімімен жаттықтырушының 1 және одан да көптеген ойындарда істеген тәртіп бұзушылық әрекеттерінің шамасына қарай біліктілігін төмендетуге құқылы.

## **6. Келіспеушіліктер**

### **6.1. Ойын нәтижесіне келіспеушілік.**

«Волейболдың ресми ережелері» бөліміне сәйкес алдын ала баяндалып, қарастырылған болса, егер ол толығымен сақталған жағдайда, тек сонда ғана ТА келіспеушілікті қайта қабылдайды және қарастырады.

### **6.2. Команда құрамына келіспеушілік.**

Команда құрамына келіспеушіліктер мен басқа да мәселелер ойыннан кейін 1 сағат ішінде жазбаша түрде қабылданады.

Дәлелсіз келіспеушіліктер есепке қосылады, бірақ қарастырылмайды. Оны тексеру жұмысымен ААДТЖСДО айналысады. ТА тек жазбаша дәлелденген (берілген құжаттарды) келіспеушілікті қарастырады.

Егер команда құрамының тәртіп бұзушылығы дәлелденген жағдайда, «Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар» тарауында баяндалған осы **Ереже** талаптары бойынша ТА шешім қабылдайды. Қарсы болған жағдайда турдың нәтижесі қолда бар кемшіліктермен, тексеріс деректерімен, онда баяндалғандармен бекітіледі, онымен ААДТЖСДО айналысады.

## 7. Ерекше жағдай

7.1. Команданы жарыстан шығарып тастаған жағдайда, ақтық ойын кезінде команданың ойындары жойылып тасталады.

7.2. Команданы жарыстан шығарып тастаған жағдайда, турдың ақтық кезеңінде ойынның алғашқы кезең классификациясы қайта қарастырылмайды.

7.3. Шығып қалған команда барлық жағдайда классификацияланбайды және қорытынды орын бос қалады.

7.4. Егер ААДТЖСДО тур кезінде команда құрамына кемшіліктер жөнінде түскен хат бойынша тексеру жүргізген кезде ереже бұзушылық байқалса, онда ол осы қатысқан команданың нәтижесін қайта қарастырады.

### Президенттік сынамадан облыстық мектеп лигасы

1. МЛ-ның ақтық кезеңі әр жас топтарында мынандай тәртіппен жеке өткізіледі:

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
11-13 жас (ұл,қыз)	20-21 қазан	«Мұнайшы» СК
14-15 жас (ұл,қыз)		«Мұнайшы» СК
16-17 жас (ұл,қыз)	22-23 қазан	«Мұнайшы» СК

### 2. МЛ қатысушылар және өткізілу тәртібі

2.1. Президенттік сынамадан МЛ жарысы Президенттік сынақ ережесіне сәйкес жас топтары бойынша өткізіледі.

2.2. МЛ-ға үш жас топтарындағы жалпы білім беретін мектеп пен гимназиялардың құрама командалары қатысады:

- екінші жас топтары -11-13 жас. ұлдар  
-11-13 жас. қыздар
- үшінші жас топтары -14-15 жас. ұлдар  
-14-15 жас қыздар
- төртінші жас топтары 16-17 жас ұлдар  
16-17 ас қыздар

2.3. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары МЛ Регламентінің барлық талаптарына сәйкес білім алып жатқан жалпы білім беретін мектеп атынан қатыса алады. МЛ-ға мамандандырылған сыныптары, спорт интернат оқушылары, ЖСШМ, ОРМБЖМ командалары қатыстырылмайды.

2.4. МЛ-ға қатысушы барлық ойыншылар «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заң негізінде МЛ-ға қатысу және дайындық уақытында жазатайым оқиғадан сақтандырылуға міндеттелуі тиіс. Сақтандырылуға

жауаптылар-Білім басқармасының басшылары, оқытушы-жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

2.5. Қатысушы команда санына байланысты ҰМЛ-ны өткізу үлгісі Ұйымдастыру комитетімен анықталады. Алдыңғы кезеңде бірінші орын алған команда әрбір келесі кезеңге шығады.

2.6. Екінші, үшінші және төртінші кезең командаларының ұсыныстары бойынша Лиганың Ұйымдастыру комитеті талапқа сай мыналарды ұсынады:

- Өтініш қағазы. Команданың өтініш қағазына 15 (9 ұл, 6 қыз) (5 спортшы – 11-13 жас, 5 спортшы - 14-15 жас, 5 спортшы- 16-17 жас) спортшының тегі, бір жаттықтырушы жазылады. Өтінім парағы дәрігер мен мектеп директорымен куәландырылады (өтінішке енгізілген ақпараттың сенімділігіне жауап береді);
- Жеке куәлік немесе туу туралы куәлік болуы керек;
- Оқушының жеке парақшасы, фотосурет және мектеп мөрі бар, деректордың қол қойылған және ол құжаттардың шынайлығы үшін толық жауапты болады;
- Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің қатысушыларды іссапарға жіберу туралы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы болуы керек; Жоғарыдағы аты-жөні жазылған тізімі мен бұйрығы жоқ командалар Лиганың келесі кезеңіне қатысуға жіберілмейді.

2.8.Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың есебі ААДТжСДО-ның Ұйымдастыру комитетіне беріледі.

### **3. Жарысты ұйымдастыру**

#### **3.1 Жарысқа қатысуды бекіту жөнінде.**

Ақтық жарыс:

3.1.1 Ақтық жарысқа қатысатын командаларды бекіту, жарыс басталғанға дейін, 30 күн бұрын жасалады. Жарыстың қатысушылар құрамына өз командасын тіркепеген команда, жарысқа қатыстырылмайды.

#### **3.2 Жарысқа қатысудан бас тарту.**

3.2.1. Жарыстың әрбір кезеңіне шақыртуы бар команда, белгілі бір себептермен жарысқа келе алмаған жағдайда, онда команда тез арада ол жөнінде хабарлауы қажет.

3.2.2. Ақтық жарысқа команда қатысушылары келе алмайтын жағдайда, жарысқа онда олардың орнына тәртіп бойынша іріктелген команда қатысады.

3.2.3. Жарысқа дер кезінде қатыспайтындығы жөнінде хабарламаған командаға, өткізуші ұйымның шешімімен санкция қолданылады, келесі мезгіл жарысына шейін жарыстан шығарылып тасталады.

### **4. МЛ-ны өткізу**

4.1. **Мандат комиссиясы** комиссия төрағасымен мүшелерінен тұрады. Комиссия төрағасын ААДТжСДО тағайындайды.

#### 4.2. Мандат комиссиясы төрағасының міндеті:

- Команда спортшыларының құжаттарын барлық талаптарға сай толық тексеріп, қабылдауы қажет.
- Жарысқа рұқсат етілмеген спортшылар мен келмей қалған командалардың техникалық өтініштері шығарып тасталады.
- Атаулы өтініштің (өтінішке дейін) екінші данасына жарысқа рұқсат қағазына белгі қойылуы қажет.

4.3.Параграфында аталған қандай да бір құжаттар жоқ болса, онда спортшы жарысқа жіберілмейді. Ол жарысқа жетпей тұрған құжатының түпнұсқасы немесе факспен көшірмесі түскен жағдайда ғана жарысқа жіберіледі (ТА түпнұсқа берілгенде ғана). Бұл ереже түгел командаға да қатысты.

#### 4.4.Жарыстың ережесі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2017 жылғы 29 қарашадағы  
№ 316 бұйрығының негізінде  
Қазақстан Республикасы  
Тұңғыш Президентінің –  
Елбасының тестілерін өткізу  
қағидалары

#### 1-саты "Шымырлық пен ептілік" Балаларға арналған дене жаттығуларының түрлері (11-13 жастағылар)

Р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 60 м.	сек.	8,9	9,3	9,3	9,7	10,2	10,5
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.15	4.45	4.35	4.55	4.45	5.00
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	210	195	200	175	180	165
4.	Тартылу	р/с	11	-	9	-	5	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	Бір мин саны	-	40	-	35	-	25
5.	Алға қарай еңкею	см.	+10	+13	+8	+9	+5	+6
6.	Жүзу 50 м.	сек.	у/е					
7.	Доп лақтыру (150 гр.)	м.	50	36	42	28	35	22
8.	Пневматикалық винтовкадан тіреп тұрып ату, диаметрі 15 см нысана	тию	5	5	3	3	2	2

#### **Ескертпе:**

Президенттік дайындық деңгейі – президенттік дайындық деңгейінің нәтижелерімен төрт және ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен екі дене жаттығуын орындау.

Ұлттық дайындық деңгейі – ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен алты дене жаттығуын орындау.

Бастапқы дайындық деңгейі – бастапқы дайындық деңгейі нәтижелерімен жеті дене жаттығуын орындау.

### 2-саты "Спорт ізбасарлары" Балаларға арналған дене жаттығуларының түрлері (14-15 жастағылар)

Р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 60 м.	сек.	8,0	9,0	8,2	9,2	9,2	10,0
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.00	4.30	4.20	4.45	4.30	4.55
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	220	200	210	185	190	175
4.	Тартылу	р/с	14	-	12	-	8	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	бір мин саны	-	45	-	40	-	35
5.	Алға қарай еңкею	см.	+11	+18	+9	+14	+6	+11
6.	Жүзу 50 м.	мин. сек.	38,0	55,0	41,0	1.00,0	y/e	
7.	Доп лақтыру (150 гр.)	м.	60	35	50	30	40	25
8.	Пневматикалық винтовкадан ату, диаметрі 10 см. нысана	тию	5	5	3	3	2	2

#### Ескертпе:

Президенттік дайындық деңгейі – президенттік дайындық деңгейінің нәтижелерімен төрт және ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен екі дене жаттығуын орындау.

Ұлттық дайындық деңгейі – ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен алты дене жаттығуын орындау.

Бастапқы дайындық деңгейі – бастапқы дайындық деңгейі нәтижелерімен жеті дене жаттығуын орындау.

### 3-саты "Күш пен батылдық" Жастарға арналған дене жаттығуларының түрлері (16-17 жастағылар)

р/с №	Бақылау жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 100 м.	сек.	13,0	15,4	14,0	15,8	14,5	16,5
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	3.15	4.25	3.30	4.35	3.45	4.50
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	265	210	250	200	225	180
4.	Тартылу	р/с	16	-	13	-	8	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	бір мин саны	-	55	-	50	-	40
5.	Алға қарай еңкею	см.	+15	+17	+9	+13	+6	+10
6.	Жүзу 50 м.	сек.	38,0	52,0	40,0	55,0	y/e	
7.	Граната лақтыру (ұлдар) 700 гр. (қыздар) 500 гр.	м.	45	-	40	-	33	-
			-	32	-	26	-	20
8.	Пневматикалық винтовкадан	ұпай	36	36	30	30	20	20

**Ескертпе:**

Президенттік дайындық деңгейі – президенттік дайындық деңгейінің нәтижелерімен төрт және ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен екі дене жаттығуын орындау.

Ұлттық дайындық деңгейі – ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен алты дене жаттығуын орындау.

Бастапқы дайындық деңгейі – бастапқы дайындық деңгейі нәтижелерімен жеті дене жаттығуын орындау.

**4.5. Қатысушылардың ерекше міндеттері.****4.5.1 Командалар:**

Қосалқы ойыншылар орындығында тек жарысқа қатысуға рұқсат етілген мүшелер ғана отыруға құқылы.

**4.5.2 Жаттықтырушылар:**

Команда құжаттарында көрсетілген ақпараттардың растығына жауапкершілік мектеп директоры мен жаттықтырушыға жүктеледі.

Жарыс күндері мен іссапарда жүру кезіндегі спортшылардың денсаулығы мен қауіпсіздік жауапкершілігі жаттықтырушыға жүктеледі.

Жаттықтырушылар команда ойын салтанатының басталуына қатысуға міндетті.

**5. Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар****5.1. Спортшылар:**

5.1.1 Спортшы өзінің мінез-құлықын судьяның шешіміне көрсетсе, судьяларға, қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттеріне, әдепсіз сөйлеуге, демонстрациялық түрде допты лақтыруға және басқа да ұқсас әрекеттерге қарсылық ретінде қарастырылады;

**5.2. Командалар.**

5.2.1. Команда спортшылары барып тұрған сорақылық тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, жаттықтырушылар команда басшылығынан шеттетіледі, оның сыртында спорт ғимаратынан, ал команда спортшылары жарыстан шығарылады (төбелес, спорт тәртібін, спорттық мүліктерді бұзу және т.б.).

5.2.2. ААДТЖСДО командаға, команда өкілі мен жаттықтырушыларға көрсеткен өте жоғары сорақылық әрекеттері үшін шара қолдануға, сонымен қатар, турдың бас төрешісінің шешімдерін қайта қарап, олардың айыппұл санкциясын ұлғайтуға құқылы.

**5.3 Жаттықтырушылар.**

5.3.1 Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде, цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда, бас төреші өзінің шешімімен жаттықтырушының жарыста істеген тәртіп бұзушылық әрекеттерінің шамасына қарай біліктілігін төмендетуге құқылы.

**6. Келіспеушіліктер**



### **6.1 Жарыс нәтижесіне келіспеушілік.**

«Президенттік сынақ ресми ережелері» бөліміне сәйкес алдын ала баяндалып, қарастырылған болса, егер ол толығымен сақталған жағдайда, тек сонда ғана ТА келіспеушілікті қайта қабылдайды және қарастырады.

### **6.2 Команда құрамына келіспеушілік.**

Команда құрамына келіспеушіліктер мен басқа да мәселелер жарыстан кейін 1 сағат ішінде жазбаша түрде қабылданады.

Дәлелсіз жазбаша келіспеушіліктер есепке қосылады, бірақ қарастырылмайды. Оны тексеру жұмысымен ААДТЖСДО айналысады. ТА тек жазбаша дәлелденген (берілген құжаттарды) келіспеушілікті қарастырады.

Егер команда құрамының тәртіп бұзушылығы дәлелденген жағдайда, «Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар» тарауында баяндалған осы Ереже талаптары бойынша ТА шешім қабылдайды. Қарсы болған жағдайда турдың нәтижесі қолда бар кемшіліктермен, тексеріс деректерімен, онда баяндалғандармен бекітіледі, онымен ААДТЖСДО айналысады.

## **7. Ерекше жағдай**

Егер ААДТЖСДО жарыс кезінде команда құрамына кемшіліктер жөнінде түскенхат бойынша тексеру жүргізген кезде Ереже бұзушылық байқалса, онда ол осы қатысқан команданың нәтижесін қайта қарастырады.

## ШАХМАТ «Ақбозат»

### 1. Өткізу уақыты мен орны

Ойыншылардың жас топтары	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
9-11(12) сынып (ұл, қыз)	2-3 желтоқсан	№1 МБЖСМ
7-8 сынып (ұл, қыз)	3-4 желтоқсан	№1 МБЖСМ
5-6 сынып (ұл, қыз)	4-5 желтоқсан	№1 МБЖСМ

Команда құрамында: әр жас топта 4 ойыншы (ең кемінде 1 қыз) +1 жаттықтырушы + 1 төреші.

### 2. Жеңімпаздарды анықтау

2.1. Мектеп лигасының жеңімпаздары командалар жинаған ең көп ұпай санымен анықталады. Команданың әр жеңісі үшін 2 ұпай, тең ойын үшін 1 ұпай, жеңіліс үшін 0 ұпай беріледі. Бір немесе бірнеше командалардың ұпай саны тең болған жағдайда келесі қосымша көрсеткіштер бойынша жеңімпаздар анықталады:

- 1) команда мүшелерінің барлық жиған ұпай саны;
- 2) командалық (қысқартылған коэффициент – Бухгольц);
- 3) жеке кездесу;
- 4) жеңіс саны

Облыстық «Мектеп лигасына» қатысу үшін берілетін **ӨТІНІШ**

Қала, ауданы \_\_\_\_\_

Спорт түрі \_\_\_\_\_

р/с	Спортшының аты жөні	Туған жылы	Атағы разряды	Жаттықтырушысы немесе мұғалімі	Оқитын мекен жайы	БЖСМ, ОРБЖСМ қатыстылығы	Дәрігерлер рұқсат етуі (қолы, мөрі)


М.О

\_\_\_\_\_ Спортшы жіберілді.

Дәрігер \_\_\_\_\_ (қолы)

Білім беру бөлімінің меңгерушісі \_\_\_\_\_  
(А.Т.Ә., қолы)

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.



**Облыстық Мектеп лигасына қатысушының  
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

Спорт түрі \_\_\_\_\_

М.О.

(мектептің мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Т.А.Ә.

Туған

жылы \_\_\_\_\_

Спорт

разряды \_\_\_\_\_

Оқу орны \_\_\_\_\_

Мектеп директоры \_\_\_\_\_

(А.Т.Ә., қолы)

## **Жарыс кезінде санитарлық нормаларды сақтау**

1. Нысан басшысының бұйрығымен covid-19 бойынша карантин уақытында алдын алу іс-шараларын сақтауға, сондай-ақ қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау бойынша нұсқама өткізуге жауапты адам бекітілсін.

2. Жауапты тұлға жарыс (ауысым) басталар алдында ұйымдастырушыларға, жаттықтырушыларға және қатысушыларға байланыссыз термометрлерді (тепловизорларды) пайдалана отырып, қағаз немесе электрондық тасығыштарда тіркей отырып, термометрия жүргізісін.

3. Респираторлық инфекцияның кез келген белгілері (қызу, жөтел, тамақтың ауыруы, тыныс алудың қиындауы) бар қатысушыларды жарысқа жібермеу, симптомдар анықталған немесе пайда болған жағдайда жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыру қажет.

4. Қатысушыларды, жаттықтырушыларды және ұйымдастырушыларды бір реттік медициналық маскалармен (жұмыс ауысымының және бетперделерді ауыстырудың ұзақтығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет), сондай-ақ бір рет қолданылатын қолғаптармен (ауысымына кемінде 2 рет ауыстыруға жататын және бүтіндігі бұзылған жағдайда), қолды өңдеуге арналған антисептиктерімен қамтамасыз ету.

5. Кіреберісте, сондай-ақ холлдарда, дәліздерде әрбір 20м. сайын көрінетін және қолжетімді жерлерде, залдарға, лифтілерге, санитариялық тораптарға кіреберісте санитайзерлер орнату. Коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша жадынамалар орналастыру.

6. Профилактикалық тексеру (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

7. Оқу-жаттығу процесі және сабақтар (жаттығулар) өткізілетін желдеткіш жүйесімен жабдықталмаған үй-жайларда әрбір 2 сағат сайын желдетуді жүргізу қажет.

8. Нысанда кейіннен мамандандырылған ұйымдар ҚТҚ сияқты қауіпті емес медициналық қалдықтар ретінде полигонға әкететін жеке қорғану құралдарын (маскалар, қолғаптар) жинауға арналған контейнерлер орнатылсын.

9. Covid-19 коронавирустық инфекциясының алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға нысан әкімшілігі жауапты болады.